

ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№2/2024

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2024

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 19.06.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 19.06.2024ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkeпова K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 19.06.2024 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

ALIASKAR A.	Challenges of bilingualism: code-switching and language dominance.....	7
АМИРОВА Г.О., БОРАНБАЕВ С.Р.	«Әз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішіндегі қабыса байланысқан есімді тіркестер	16
ӘДІЛОВ М.Е.	Қазақ тіліндегі кейбір ақша атауларының түп-төркіні мен бастапқы мағынасы	25
KURMANBEKOVA Z.R., ONER M.	Linguistic features of communication and texting in social networks.....	37
МАМЫРБЕК Г., МАЛБАҚОВ М., СЕЙІТБЕКОВА А.	В. Радлов сөздігіндегі байырғы сөздердің семантикалық ерекшеліктері.....	49
НҰРДӘУЛЕТОВА Б.И.	Маңғыстау топоареалындағы діни топонимдер	59
YANG. L., SHARIPOVA G.S., OMIRBEKOVA Zh.K.	Recreation of ethnocultural vocabulary in S. Maugham’s work «The moon and sixpence»	69

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБИЛДАЕВА А.Д., АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., МИРЗАХМЕТОВ А.А.	Бинарлық оппозицияның актанттық көрінісі	80
АЛИМБАЕВ А.Е. ОСЕРОВ Б.М.	Қожа Ахмет Ясауи және Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы ізгіліктің жырлануы	90
ДОСМАҒАНБЕТОВА Г.Ж., БЕЙСЕНОВА Ж.С.	Описательные стратегии в травелогах Ади Шарипова	98
ЖАЛЕЛОВ Д.С., ӘЛТАЙ А.Д.	Доспамбет жырау толғауларындағы экзистенциялық мән	109
КАЗНҰТАУ В.К., ОРАЗБЕК М.С.	Oxymoronic interpretation of the postcolonial personality	119
KENZHEKOZHAYEVA A., МАМБЕТОВ ЗН.О.	The image of kozhanasyr in folklore of world literature	127
ҚАБЫЛОВ Ә.Д., БҮРКІТБАЕВА А.С.	Ә. Кекілбаев әңгімелеріндегі образ табиғаты	135

ПІРӘЛІ Г.Ж., ҚҰРМАНБАЙ А.П., СӘРСЕНБАЕВА Ж.Б.	Нәзіпа Құлжанова мен Мұхтар Әуезовтің Абайтану ғылымын қалыптастырудағы рөлі	148
ТУЛЕБАЕВА Қ.Т.	Абай қарасөздеріндегі білім-ғылым концептісін тезаурустық талдау	160
ТУЛЕУОВА Р.Г., САРБАСОВ С.Б.	«Оғыз-наме» кітаби эпосының фольклорлық сипаты	169
ТУСИПОВА Г.Б. СОЛТАНАЕВА Е.М.	Тұрағұл Абайұлының көркем аудармадағы ұстанымы	181

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

ДОСАНОВА А.М., ЖҰМАТАЕВА З.Н., АШИРХАНОВА Қ.М.	Білім беру үдерісіне жасанды интеллектіні кіріктіру: тілдерді оқыту	191
ИБРАЙМОВА Л.А., РЫСҚҰЛБЕК Д.Ж., ЕРТАЕВА П.Қ.	Бала тілінің лексикалық нормадан ауытқу динамикасын зерттеу: әлеуметтік лингвистикалық талдау	202
ОРАЗ А.Н., МАЛИКОВ Қ.Т., ХАЛИКОВА Н.С.	Мнемотехника қазақ тілін үйретуде лексикалық дағдыларды қалыптастыру құралы ретінде	211

Ә.Д. ҚАБЫЛОВ¹



А.С. БҮРКІТБАЕВА²



Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау,
Қазақстан^{1,2}
(e-mail: adilet.kabylov@yu.edu.kz¹, anar.burkitbaeva@yu.edu.kz²)

*Ә. КЕКІЛБАЕВ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ОБРАЗ ТАБИҒАТЫ

Аңдатпа. Әдебиетке алғашқы қадамын өлеңмен бастаған халық жазушысы Әбіш Кекілбаев алпысыншы жылдардың ортасынан бастап көркем прозаға бет бұрып, бірнеше әңгімелер мен повестер жинағын шығарды. Осылайша оқырман қауымға шебер прозаик ретінде танылған жазушы кейін «Аңыздың ақыры», «Үркер», «Елең-алаң» романдары секілді кең тынысты эпикалық шығармаларды дүниеге әкелді. Жазушының қай шығармасын алсақ та, өзіндік көркем өрнегімен ерекшеленеді. Суреткердің прозаиктік қолтаңбасын бағамдауда оның алғашқы әңгімелерін талдаудың да өзіндік мәні бар. Мақалада жазушыны оқырман қауымға болашағы зор прозашы ретінде танытқан «Аш бөрі» және «Есболай» әңгімелерінің тақырыптық, көркемдік-идеялық ерекшеліктері талданып, автордың образ сомдау шеберлігі пайымдалады. Жазушының шағын прозадағы алғашқы табыстары болып табылатын әңгімелердің жанрлық табиғаты, тіл шеберлігі мен баяндау мәнеріндегі ерекшеліктер әдебиеттану тұрғысынан бағамдалады. Аталмыш әңгімелердегі бас кейіпкерлер Құрманғазы мен Есболайдың, сонымен қатар басқа да қосалқы кейіпкерлердің образдары талданады. Кейіпкерлер образын сомдаудағы жазушы қолданған көркемдік әдістер, әсіресе авторлық баяндау мен кейіпкердің ішкі ой-санасының бейнеленуі, портреттік мінездеу мен кейіпкер сөзі секілді элементтердің сипаты мен қолданыс ерекшеліктері зерделенеді. Мақалада әдебиет зерттеушілерінің еңбектеріндегі ой-тұжырымдар теориялық негіз ретінде қарастырылады.

Түйін сөздер: Ә.Кекілбаев, проза, әңгіме, көркем мазмұн, шығарма идеясы, көркемдік, сюжет.

Кіріспе. Ә. Кекілбаевтың алғашқы әңгімелерінің ішіндегі қарапайым сюжетті асқан көркемдікпен бедерлеп, кейіпкерлердің шымыр бейнелерін сомдаған, көркем бейнелеу көркемдігі жоғары, суреткерлік шеберліктің тамаша үлгісін көрсеткен шығармаларының бірі – «Аш бөрі» әңгімесі. Бұл туынды алғаш рет 1964 жылы «Лениншіл жас» газетінде, сосын жазушының 1966 жылы жарық көрген тұңғыш прозалық кітабы «Бір шөкім бұлтта» жарияланды.

Бұл әңгіме қазақтың ұлы композиторы, күй атасы атанған Құрманғазы Сағырбаев өмірінің бір сәтін бейнелейді. Өмірдің талай талқысын көріп, қилы оқиғаларды басынан кешірген, артына өлмес ұлы күйлер қалдырған ұлы өнерпаз туралы жазылған алғашқы көркем шығармалардың бірі бола тұра, бұл әңгімеде ұлы күйшінің түрмеден қашып келе жатқан жолында бір-екі күнде көргендерін, айналаны түйсік-сезіммен қабылдауын, өткен өмірінің кейбір елесті сәттерін еске алуын – сол әсерлердің күйші санасында қорытылып, ғажайып өнер туындысы – күйге айналуын шеберлікпен суреттейді.

* Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын № АР19678872 «Әбіш Кекілбаев шығармашылығы қоғамдық сананың жаңғыруы контекстінде» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Жолаушы жол бойындағы шағын шаруалы қазақтың бір үйіне қоналқыға тоқтап, аздаң аттанып кетеді. Қарапайым шаруа үйінің жатырқамай қонақ қабылдауы, үйішінің ықыласы мен адамдардың өзара қарым-қатынасы кәдімгі қазақ аулының қалыпты өмір салты мен тіршілігін елестетеді. Қамаудан босаған күйшінің еркіндікті сезінуі, жол бойында көргендері, қонған үйдегі адамдар туралы түйгендері мен сол жерде «Алатау», «Балқаймақ» және «Ақбай» күйлерін тартуы әңгіменің фабулалық өзегін құрайды.

Әңгіме сюжеті авторлық баяндау арқылы өрбіп отырса да, барлық көрініс, әсерлер бас кейіпкердің көкірек көзімен қабылданып, көңіл-күйімен астасып жатады. Автордың кейінгі шығармаларында дамытылатын, даралық стиль ерекшелігіне тән осындай тоғыспалы стильдің бастауларын осы шығармасынан айқын аңғарамыз. Шығармадағы табиғат суреттері мен жер бедері, адам портреттері мен характерлері, күйдің туу процесі мен күйшінің шығармашылық стихиясы секілді көркемдік құбылыстар суреттілігімен әрі шынайылығымен тәнті етеді. «Ә. Кекілбаев шығармаларында елеусіз, ескерусіз қалар еш нәрсе жоқ. Кез келген болмашы жайттың өзі автордың түпкі нысанасын дәйектеп, шығармаға мық шегедей қағыла қалады» [1, 32].

Әдістеме және зерттеу әдістері. Қазақ әдебиеттануында көркем образ жасаудың мол тәжірибесі бар. Классик жазушыларымыздың тәжірибелерінен бастап қазіргі жазушылардың шығармаларында небір тамаша сомдалған образдар шоғырын кездестіре аламыз. Әр қаламгердің образ жасау дағдысында дәстүрлі тәсілдер қолданылғанымен, олардың өзіндік мәнерін, стильдік ерекшеліктерін байқауға болады. Ә. Кекілбаев шығармашылығы біршама уақыттан бері зерттеліп келе жатқанымен, оның әңгімелеріндегі образдарды қарастырып, шағын прозада образ сомдау ерекшеліктерін пайымдау аталмыш мақаланың арнайы зерттеу нысанына алынып отыр.

Мақалада қаламгердің «Аш бөрі» және «Есболай» әңгімелерінің жанрлық-түрлік, мазмұндық, идеялық-көркемдік ерекшеліктері арнайы зерделенеді. Мақалада қазақ әдебиеттанушы ғалымдары мен зерттеушілер Ж. Қыдыр, Ж. Дүйсенбаева, Ж. Аймұхамбет, А. Мырзахметов, А. Әлімбаев, Ә. Спан т.б. зерттеулері мен шетелдік әдебиеттанушылардың еңбектеріндегі ой-тұжырымдар басшылыққа алынды. Негізгі дереккөз ретінде жазушының шығармалар жинағы (12 томдық, 1 том), «Әбіш Кекілбаев» энциклопедиясы (1-том) назарға алынды.

Тақырыпты игеру, мәселені зерттеу барысында типологиялық, тарихи және жүйелік әдіс, сонымен қатар әдеби талдау, психологиялық және логикалық әдістер кеңінен қолданылады. Негізгі әдіснамалық негіз – зерттеу нысаны ретінде көркем шығарманы танудағы әдеби-тарихи салыстырмалы әдіс әдеби-мәдени мұраларды зерделеудегі теориялық тірек ретінде таңдалды.

Талқылау мен бақылау. «Таң атқалы жорытқаны жұртсыз жон. Тек жаңа ғана тастақ сайдың басындағы жалғыз құдыққа тап болып, ат суарып алды» [2, 15], – деп басталған әңгіме бас кейіпкер «қою жал, жуан тілерсек қара атқа дөңкіе жайғасқан қара сақалды жолаушының» жолда көргендерін, табиғат көрінісін суреттей келе, оны кейіпкер көңіл-күйімен сабақтастыра өреді: «Күн көзі қазір мейірлі. Қарашаның қара суығының алдында аз күн күле қарап иман жимақ»; «Қазір бар дүниені бауырына әкеп тыққан алдамшы сағым жоқ. Көкжиек көл-көсір шалқып, қашықтап кеткен. Тар қамаудан бостанға шыққан кісінің көңілі өсіп шыға келеді екен. Боз бетеге мол далаға аяғы жеткен соң ширыққан жүйкесі жазылып, терісі кеңіп сала берген. Жүрісі де өнікті сияқты. Қиырдағы еліне, ел шетіне үркесоқ паналаған үш қанат күркесіне асықты...» [2, 16].

Осындай параллель суреттеу аясында кейіпкер тұлғасы таныла бастап, кейіпкер ойы арқылы айқындала түседі. Жолаушы алыста қалған елі мен үй-жайын еске алады. Азғырдың айнатаз ақ шағылдары, Еділ мен Қиғаштың көк желең өлең шөбі, Үстірттің үстінің қара жусанды қатқилы көз алдына келеді. Сібірге айдаларда шығарып салушы ағайын-туманың арасынан өзінің баласы Қазыын көргені есіне түседі: оның қалай өсіп кеткенін де байқамапты, айналып-толғанып, маңдайынан сипап та көрмепті.

Содан кейін Сібірде айдауда жүрген кезі ойына оралады. Барақтағы ауыр жұмыстан оралған тұтқындар арасында «Әй, Арқаның қызыл изені-ай» деп ән айтатынын еске алады. Махамбет ақынның бұл ән өлеңінің келтірілуі де тағдырлас өнерпаздардың қиын тағдыры мен қызылды тіршілігін меңзеп тұрғандай. «Әдеби туынды шын мәнінде өмірдің көшірмесі әрі өмірде болған оқиғаларды бейнелеуге қабілетті. Демек, әдеби шығарма құр елестету немесе қиял емес. Әдеби туынды сол шығарманы жазуға шабыттандырған нақты қоғамдық өмірмен тығыз байланысты болады» [3].

Шығарманың концептуалдық тінін ұстап тұрған осынау кейіпкер ойымен өзектес баяндаулардан болашақ туындының дүниеге келуінің алғышарты болған күйшінің жан әлеміндегі сілкіністің, көңіл күй ауанының өзгерісін көреміз: «Жолға шыққалы төңірегін көз алған жоқ. Кеше түс қыңа бұрын бұл естіп, бұл тебіренбеген бір тосын әуен түледі. Бұрынғы саздарындай шапшаң шарықтап, шарт өзгереді тепсінген үн емес. Делебеңді қоздырмайтын ашу тырнап тастаған ащы өзекті баппен сипаған байсалды әуез. Ақтарыла-төгіле салмай, шым-шымдап шымырлап енеді» [2, 20]. Жолаушы селдір буылдырдың арасынан ойдым-ойдым, үзік-үзік тау сілемдерін көреді. «Алатау осы болды-ау», – деп ойлайды. Көкіректе өрби бастап үзіліп қалған әлгі әуез жаңаша сипат алып қайта түлейді: «Бағанағы үзіліп қалған ызың көкірегіне қайта оралды. Дәл мағынасындай жаймашуақ емес, бұл жолы сәл-сәл күрсіне шығатын тәрізді. Бірақ бәрібір бұрынғысындай екі иығын жұлып жеп кіжінген әуез емес, ақжарма үн. Бұрылып, ерінің артына бөктерген домбырасына қарады. Қолына алуға асықты. Бірақ қоналқы түскен жерімде тартармын деп ойлады» [2, 20]. Күйшінің көңілінде туып, көкірегінде піскен күй қоналқыға түскен үйде домбыраның үнімен жарыққа шығады. Жазушы күйшінің жаңа шығармасын дүниеге әкелердегі өнерпаздық стихиясын, психологиялық құбылыстарын көркем сөзбен келістіре өрнектейді. Қазақ әдебиетіндегі өнер адамдарының образын жасаған көптеген қаламгерлер секілді, Ө. Кекілбаев та шағын әңгімеде күйшінің өнерпаздық өресін, ішкі әлемінің құбылыстарын өзінше өрнектейді.

Жолаушы түскен үйдің адамдарын жазушы қысқа болса да жан-жақты, толымды сипатта суреттейді. Олар – үй иесі Дөңбай ақсақал, қара мұртты қонақ жігіт Әурен, ақ жаулықты бәйбіше, он бір-он екі жастағы бала, келін мен оның күйеуі Қойбағар. Жазушы олардың әрқайсының түр-тұлғасы мен мінез-құлқын штрих-детальдармен даралап көрсетеді. Мысалы, Дөңбай ақсақалдың портреттік мінездемесін: «Кезінде келбетсіз болмаған ақсұр шал. Көк бурыл қабағы, селдір мұрт, ұзынша сұйқылт сақалы бет-алдын буылдырландырып жіберген. Көзінің астындағы бірер қыртыс болмаса, жүзін әжім алып жарымапты. Ылғи назарын тіктемей бейтарап қарайтын қоңырқай көзі ештеңе аңғартпайды. Анда-санда өзінен-өзі бір мырс етіп қояды. Өңінде ұзақ уақыт ел үстінде жүріп, енді тұғырдан танып шетқақпай қалған кісіге тән салқын қабақ салғырттық бар. Қимылының бәрі керенау. Кесесін де ерніне енжар апарады. Бірақ осықырынбайды. Зілді отырыс», – деп көрсетсе, қонақ жігіт Әуренді әуелі: «Шалдың бергі жағындағы қара мұрт бұның әңгімесіне үнсіз құлақ тігіпті. Шайын анда-санда бір ұрттап, қарап қояды. Ашық омырау, қынама бел қара мауыт бешпет, шашақты тақия ауыл арасының қазағы емесін танытады. Бұл келгелі жақ ашқан жоқ. Отырысы мығым. Көз тастасы да кербез», – деп таныстырып өтсе, әр тұста қысқа бір көз қырын салып қойып, ал күй тыңдау үстіндегі қалпын: «Екі қолын тарақтап апты. Кішкентай қозы қарыны тырсыып, арқасындағы құс жастықты рахаттана жаншиды. Әдемі иілген қара қасын сәнмен керіп, ұзын кірпігі көлегейлеген дөңгеленген қой көзін келіншек жаққа тігіпті. Әлі әукелене қоймаған бір тілім бұғағында білінер-білінбес бүлкіл бар. Майдайы да торсық шекеленген, жып-жылтыр. Қара торы беті тепсініп, ісініп тұр. Сызданған сырбаз неме?» [2, 26], – деп аздаған эмоция қосып суреттейді. Оның осы қалпы күйшінің көз алдына бір кезде өзінің ашулы күйіне кейіпкер болған төре Ақбайдың ұлы Әубәкірді әкеледі.

Әңгімеде экспозициялық та, лейтмотивті де портреттік мінездеме элементтері кездеседі: «Экспозициялық портрет кеңінен таралған және ол шығармада кейіпкердің алғаш көрінген сәтінен бастап қызметіне кірісіп, оның сипаттамасы ретінде ұсынылады.

Ал лейтмотивті түрінде кейіпкер бүкіл туынды бойында бөлшектенген бейнелеулермен бой көрсетіп отырады» [4, 142]. Өзге кейіпкерлерді сөз арасында жанама сипаттап өтсе, Қойбағардың түр-сипаты мен қозғалыс-әрекетіне бірнеше рет тоқталып, мінез-болмысын аңғартады: «Есіктен түйе жүн шекпенді, түлкі тымақты біреу кірді. Ерінін болар-болмас жыбырлатты. Онысы сәлемдескені болса керек. Босағада тұрып белін шешті. Белбеуін күрс еткізіп шай құйып отырған әйелдің сыртына тастай салды. Түлкі тымақты босағаға іліп, шекпенін шешіп отынның үстіне тастады. Табалдырықтың алдына қолын жуды. Сосын шай құйып отырған әйелден жоғарырақ келіп отырды. Шашын тықырлатып алған жылтыр басын сипап, аузын ашып есінеп алды. Шанаш құлағынан күн көрінгендей. Қонақтармен ісі болған жоқ. Шайға бас қойды. Шұңкиген кішкене беті кесе көлегейлеп көрінбей қалды...»; «— Аманшылық, – деді естілер-естілмес қып. Сосын сонау түптен сығалаған ігдігеш көзін қара мұрт пен бұған бір салып өтті. Тағы да алдына кесе келді. Шұңкиген беті тағы да ғайып болды» [2, 23]. «Әдеби туындының тұтастық жүйесін құрауға үлкен үлес қосып, біртіндеп тұрақты эстетикалық қалыпқа айналған ежелгі көркемдік белгілерінің бірі – портрет. Суреткердің даралық стилі көрінуге тиіс маңызды буынға саналатын ол уақыт рухына сәйкес ортақ бір бағыт, әдістің ішінде жалпыға тән сипаттар да жинақтайды» [5, 75], – дегендей, осы бір шағын портреттік штрих-детальдар кейіпкер болмысын ашуға қызмет етіп тұр.

Шығарманың мазмұндық өзегінде қазақтың күй құдіреті жатыр. Күйшінің өзі жасап алған қарағай домбырасын жанынан тастамай, аялап ұстауынан бастап, жол бойы көкірегінде пісіп жетілген күйін тартып шыққанға дейінгі аралықта домбыра назардан тыс қалмайды, ал жолаушының көңілін тербеп келе жатқан көріністер мен әсерлер ақыры күй болып ағытыларына оқырманның сенімі күшейе түседі.

Үй иесінің: «Жолаушым, мынаны босқа арқалап жүрмеген шығарсың. Құдай айдап тап болдың, өнеріңді көріп қалалық, шерте отыр», – деген қолқасынан кейін, домбырасын қолына алып, үш күй орындап береді. Бұл үш күйдің мақам-мәнері де, көңілге жүктер әсер-әлпеті де үш түрлі: әуелгі тартатыны жол үстінде туған жаймақоңыр әуезге құрылған «Алатау» күйі болса, одан кейін күйді ыждағатпен тыңдаған келіншектің ықыласы мен көркіне риза болып, бір кезде елде жүргенде бір қызға арнап шығарған «Балқаймақ» деген тәтті әуезді әдемі күйді орындайды. Одан кейін қара мұрттының кейпі есіне түсірген Ақбайдың Әубәкірін көз алдына елестетіп, «Ақбай» күйін тартады, бұл күйдің болмысы мүлдем бөлек: «Қабырғанды қайыстыра бебеулеген әуез. Бай-байлап ыңыранады. Ойыңды ойрандап, көкірегінді тіліп-тіліп барып, тіс қайрағандай кіжініп қайтады. ...Әуелі шағынып шыққан назалы саз барған сайын зығырданы қайнап төне түседі. Дәу саусақтар домбыраның сағағына шүйліккенде ызалы әуен ышқына буырқанады. Жүректі шымырлатып оянған ащы жас ыршып көзді теуіп, алқымға кері лықсығандай» [2, 28].

Авторы «үш күйдің тарихынан сыр шертіп, күйшінің бүкіл өміріне шолу жасайды» [6, 14]. Осы осы үш күй тыңдаушыларға керемет әсер етіп, олардың ішкі әлемін бір сәт жаулап алғандай. Музыканың ғажайып құдіретін күйшінің көңіл күйімен сабақтастыра отырып, «Алатау» әуенінің өткенін еске салып, қазіргіден рахат тапқан жан ләззатын суреттеумен жеткізеді: «...Есіңе қайдағы-жайдағы түседі. Өткеннің өкінішті өксігі де қылаң береді. Бірақ бәрі артта. Бәрі өткен. Соның бәрін көріп, бәріне төзіп, бәрін өткерген бұл бас. Бәрінің де қыжылы өткен, өшкен. Енді, міне, тағы да рахат ортасындасың. Мына өмір деген жарықтық жауың түгіл, сенің өзіңнен де пейілді екен, кең екен. Оның сарқылар, таусылар күні жоқ. Рахаты мен ләззатын қашан да таба алады екен. Ендеше емешегі үзіліп, елжіреп тұрған өмірді қайтып сүймессің, қайтып талақ етпексің» [2, 25]. Жазушы өнер адамының эмоциясын, әсершілдігін, тылсыммен сырласып, табиғаттан үн тартатын жұмбақ қасиетін оның ой әліміне барлау жасау арқылы ашады.

Тыңдаушылар да күй әсерінен бірден айыға алмай, біразға дейін әркім өз ойымен болып отыр: «Ешкімде үн жоқ. Манадан бері оттың табында тұрып кеуіп қалған құсқанбас қана сытыр-сытыр жанады. Кенет күлдің шеті шырт ете қалды. Жұрт басын көтерді. Иегі

бұлт-бұлт еткен шанаш сары алақанындағы насыбай жұғынын тізесіне сүйкеп, жантая кетті.

– Күйім-ақ екен, – деді сұйқылт сақалының ұшын саусағына орап ап, тапжылмай тыңдаған ақ сұр шал.

– Құлағыңды қыдықтайды, – деп мұртты қара ұйып қалған оң шынтағын ұстап, құс жастыққа шалқалай ауып түсті.

От жағып отырған бала қолындағы көсеуге көзі енді түсіп, қазанның астына әрлі-берлі сүңгітіп-сүңгітіп алды. Келіншек екі қолын тізесіне салып, домбыраға қараған боп, бір қырын бұрылып, бар ыждаһатымен тыңдаған екен» [2, 25].

«Үш күй үй ішіндегі адамдарды алуан психологиялық жайға түсіріп, сілкілеп-сілкілеп алғандай. Күйлерді тыңдау арқылы үйдегілер – баладан бастап ақсақалға дейін – өмірдің ойлы-қырлы өткелдерінен қайта өткендей. Шым-шытырық оқиғасы жоқ әңгімеде түйсікке құрылған тартыс бар. Бәрін де автор күй арқылы шебер бейнелеген. Міне, күй құдіреті қандай?! Жазушының айтпағы да осы» [7, 19].

Үйдегілер күйшіні, әрине, танымайды. Бірақ, өнерпаздың өнері қай жерде де бағаланады, нағыз өнер қашан да өз бағасын алады. Өнер мойындалған жерде өнерпаздың мерейі үстем. Өнерпазды шабыттандыратын да сол. Қонған үйінен ризашылықпен аттанған Құрманғазының көңілі тағы құлази бастайды. «Әттең осындайда бөрі де жолықпайды-ау», – деп ойлайды. Ойына елде жүргенде жігіттермен қосылып бөрі қуғандары оралады. Бөрі қуудың қызығын көз алдына елестеткен кейіпкер оның да дуылы бірер күнге созылып басылатынын, сосын жігіттер сойылдарын тастап, мал-жайына қарап, шаруаларын қаузайттынын, ал күйші болса, тағат тауып үйде отыра алмай, атына мініп ел аралап кететінін еске алады. Күйшінің айдалада келе жатып «аңда-санда қотанына тиіп, бөрліктіріп тұратын бөрі болмаса, мына даланың селт ететін түрі жоқ-ау» деп ойлауында жайбарақат тірлікке көндікпей, қашан да алып ұшып жортуыл іздеп тұратын бөрі мінез болмысы жатқандай.

Әңгіме атауының «Аш бөрі» аталуы кездейсоқ емес. Қиын да кермек тағдыр иесінің шытырманға толы ғұмырындағы мазасыз тірлігі құла түзде жалғыз жортқан аш бөріге ұқсамай ма?! Аш қасқырдай азулы, шайқастарды бастан кешіп, небір қиындықтарды мойнымен көтеріп, жеңіп шығатын күрескерлік рухты көреміз. Күйшінің ел аузында «Аш бөрі» деген лақап аты да болғаны белгілі. Өзінің:

Аш бөрі, жүрген жерім қанды майдан,
Шыққан жоқ атқан аңым терең сайдан.
Қазақта талай қатын ұл туғанмен,
Дәл мендей ұл табатын қатын қайдан! –
деп басталатын әні де соған меңзейді.

Бас кейіпкер Құрманғазы туралы автор әңгіменің басында «қара атқа дөңкіе жайғасқан қара сақалды жолаушы» дегеннен басқа ештеңе айтпайды. Оның есімі бір-ақ жерде, ақсақал мұның есімін сұрағанда ғана Құрманғазының өз аузымен аталады. Алайда, шығармада баяндалатын оқиға барысындағы кейіпкердің ой-танымы, көзқарасы, өнерпаздық интенциясы мен рефлексиясы арқылы оның мінез-болмысы оқырманға таныла түседі. Күйшінің ішкі ой-толғаныстары, айнала дүниені қабылдауы, психологиялық портреті суреткерлікпен шебер өрнектелген. Жазушының тіл шеберлігі мен сөз қолданысы, кейіпкер ойының авторлық баяндау аясында көрінуі секілді әдеби тәсілдер күйші характерін ашуға мол мүмкіндік берген. Оның тағдырлы бейнесін сомдап, күйшілік өнері мен күрескерлік рухын жеткізудегі жазушының шұрайлы тілі мен суреткерлік шеберлігі оқырманын тәнті етеді.

Өнер адамы туралы осы бір тартымды әңгіме бейнебір кең тынысты эпикалық туындының жеке тарауындай қабылданады. Ә. Кекілбаевтың жан-жақты білімі мен оқиғаны тереңнен «қаузап жазу» машығы шағын әңгімеде Құрманғазының образын жан-жақты ашып, толымды характер жасаған. Суреткердің бұл тәжірибесін кейінірек жазылатын «Күй» повесіне дайындығы деп қабылдауға болатын сияқты. Ал Құрманғазы

туралы жазушы кейінірек, ұлы күйшінің 175 жылдық мерейтойы қарсаңында «Күй тәңірі» атты эссе жазғаны мәлім. «Әдеби еңбек – негізінен автордың идеясын білдіру құралы болып табылатын өнер түрі. Адам өмірі мен ол бастан кешетін түрлі проблемалар автордың әдеби шығарма жазудағы шабыт көзі болып келеді. Сондай-ақ әдеби шығарма – автордың өмірге көзқарасын жеткізу құралы. Мұндай жағдайда, автор өзі бейнелейтін адам өмірінің шындығын айқындап алады» [8].

Жазушының «Есболай» әңгімесі алғаш рет 1977 жылы «Мәдениет және тұрмыс» журналында жарияланған. Бұл – бас кейіпкердің өзімен-өзі сөйлесуі түрінде жазылған, бастан-аяқ монологтық сипатымен ерекшеленетін шағын туынды. Мұнда домбырасының құлақ күйін келтіре отырып, кемпірінің репликаларына жауап ретінде өзімен өзі сөйлесіп отырған Есболайдың сөздеріне: кеше-бүгінгі екі күнде көргендерін талқылау, өткен кейбір жайларды еске алу, өмірлік ұстанымы мен мақсатын әйгілеу – осылардың бәрі сыйғызылған. Шығарманың сюжеттік ұйымдасуындағы субъективтік сипат Есболай характерінің мейлінше жан-жақты ашылуына мүмкіндік береді. Автор бас кейіпкердің сөзі мен ойы арқылы айналасында болып жатқан оқиғаларға баға беріп, дұрыстықты қолдап, бұрыстыққа үкім айтуды жүзеге асырады.

Әңгіменің бас кейіпкері Есболай – табиғаты бөлек, өзіндік ерекше мінез-болмысымен есте қалатын бейне. Ол – көпшілік ортаның ығына ілесіп жүре беретін қатардағы біреу емес, адалдық пен әділдік жолындағы күрескер тұлға. Жастайынан білек сыбанып аянбай еңбек еткен, соғысқа да қатысып келген, ата кәсібі егіншілікпен айналысып, ата-бабасының аманатын кейінгі ұрпаққа қалдыруды мұрат еткен жан. Айналасында болып жатқан әділетсіздікке, кемшіліктерге төзе алмайды және ол туралы бетің бар, жүзің бар демей тура айтып, кесек қимылдайды. Қарапайым адамдардың еңбегін жеген жебірлерге, қатардағыларды көзге ілгісі келмейтін бюрократтарға, кеудесіне нан піскен тоғышарларға қарсы шығып, қателіктерін айтамын деп әкім-қараларға жақпайды. Сонда да алған бағытынан таймай, өткір тіл, өршіл мінезімен ешкімнен ықпай, «мыңмен жалғыз алысқан» кейіпкер.

Есболайдың айналасында болып жатқан келеңсіздікке, қайшылықтарға қарсылығы оның өзі айтып отырған сөзінен көрінеді. Шағын ғана ауылдағы жекелеген проблемалар әлеуметтік мәселелерді көрсетеді. Негізгі сын нысанасы – ауылдастарының арасындағы шаруаға қырсыздық, ата кәсібін жалғастыруға құлықсыздық, қиын жылдары елдің қажетіне жарап, асырап келген әкесінен қалған екі шығыр мен үш бұлақтың қараусыз қалып бара жатқаны.

Кейіпкер монологы түрінде баяндалатын әңгіме мазмұны кейіпкердің сөзі арқылы ашылып отырады. Әңгіме Есболайдың домбыраның күйін келтіре алмай, бір нәрсеге ренжіп отырғанынан басталады: «Көптен қолына алған жоқ-ты. Пернелерін де анада бір келгенінде марқұм Ораз дұрыстап беріп еді. Содан бері кемпірдің төсек қабында тұрып-тұрып, шегі кеуіп, шыңғырлап қалыпты».

Есболайдың сөздерінің ыңғайы өмірдегі өзіндік орнына ерекше екпін береді, оның Адам ретіндегі, өзіндік Тұлға ретіндегі болмысына бағдар жасайды. Бұл дүниеде ғана емес, өлген соң да кейінгілердің есінде өзіндік ісіммен, өз орныммен қаламын деген бас кейіпкердің сенімі айқын көрінеді: «Сендер тірілей өліп, іштеріңнен тынып жүргенде бұл ол заңғарлардың «бұл Есболай баяғыда бізге бүйткен» деп өлген соң да жүйкелерінде ойнап жатады әлі!.. Қазір «жынды Есболай» дегендеріңмен, ертең «жарықтық Есболай» дерсіңдер әлі!..»

Монологта сөйлеуші субъектінің қайталауымен ара-арасында бөгде персонаж – Есболайдың кемпірінің сөзі де көрінеді. Ол сөздер үнемі Есболайдың талдау нысанына айналып отырады. Ол әрбір оқырманға таныс адамдай, қазақ әйелінің – кейуана ананың типтік сипаттарымен танылады. Жазушының шеберлігі жеке адамның сөйлеу тілі (речь) мен ой-пайымы арқылы өзгенің оған көзқарасын аңғартудың және айналадағылардың іс-әрекетіне ішкі санамен баға берудің өзіндік жолын табуымен ерекшеленеді.

«Көңілінде құлта сақтамайтын, «бұлтарма-жалтармасы жоқ» Есболайдың мінез-құлқы тентектік, тасырлықтай көрінгенмен, оның сөздерінде әлеумет жайы, қоғам

толғағын парықтаған терең пайым жатыр. Бұл жерде әлеуметтік ортаға риза болмаудан, орын алып отырған әділетсіздік пен алалаушылықты сынаудан көрінетін ызы мен сөгудің сыртқа шығуында түрлі реңктегі күлкі элементтері «қызметке келеді» [9, 151].

Әңгімедегі Есболайды толғантқан, ашынтқан қоғамдық мерездер, адам бойындағы кесел-дерттер әлі де кездесетіні өкінішті. Бұл әңгіме жазылғалы талай жылдар өтіп, заман өзгергенімен, бүгінгі қазақ қоғамын алаңдатып отырған әлеуметтік мәселелер жеткілікті. Жең ұшынан жалғасқан жемқорлық, жағымпаздық, бюрократия, науқаншылық сияқты қоғамдық дерттерді жазушы осы шығармасында ашық көрсеткен. Мысалы: «Бұның іші жұрттың ішіндей ар жағында не жатса да көрінбейтін құрым киіз емес. ...Көре берсін, біле берсін, ести берсін. Неге жасырынады? Нені жасырады? Жасырынса, ішіп қалған, жеп қалған ұрлығы барлар жасырынсын. Жалбаңдаса жағынып қалған жалбаңбайлар жалбаңдасын! Бұл сонша неден қорқып, неден қорғалайды?» [2, 132].

Есболайдың пайымдауында қоғамда орын алып отырған адам құқықтары мен демократиялық принциптердің бұзылуына деген өктем қарсылық жатыр. Олар қарапайым ауыл қариясының ой-танымымен көрінеді:

– сөз бостандығы мен пікір еркіндігінің шектеулігі: «Жас кезімде ертең алдымнан шығады деп айтпайды, қартайғанда артыма сөз ереді деп айтпайды, онда мұның бәрін қашан айтады. Көрге кіргесін көр тышқанмен мұңдаса ма? ...Мен тасып жүргенде өзгелер жасып жүрсін деген де адамшылық болып па?»;

– дұрыстықты бетке айтудан тайсақтайтын жалтақтық пен қорғаншақтық: «... Әншейінде, көлеңкеде отырып пыш-пыштағанда жұрттың бәрі де мәтіби. Ал, бетке айтуға келгенде бас көтерер жан табылмай қалады. Бәрі де құдайдың ең бір пәтуалы әңгімесін сыбырлап айтады да, қайдағы бір алары жоқ, қосары жоқ қысыр сөзге келгенде айдай жұрттың алдына шығып ап сампылдайды-ай кеп»;

– сөз бен істің алшақтығы, ауызбен айтылған орнықты уәждің іспен бекітілмей, сөз жүзінде қалуы: «Осы күні жұрт аузын ашса «бірлік-тірлік» деп қақсайды да, іс істесе, барлығын тентек балалардың ойынындағыдай «шілдік-білдік» қылып жіберуге шебер боп апты»;

– жалпақ шешей жағымпаздықтың өрістеуі: «Бұл қалай?» дегенді теріс, «Ләббай!» дегенді дұрыс көретін қай заманда да көр соқырлардың ісі»;

– айтылған ой-пікірдің сарапқа салынбай, оны айтушының абырой-беделіне қараушылық: «Естіп отырған сөзді тергемей, айтып отырған ауызды тергеу әуелден ақырға дейінгі барша қиянаттың басы»;

– жалпыға ортақ заңдардың сақталмауы: «Оның ойынша, заң деген мына жұмыр жерді қатар басып жүргендердің бәріне бірдей ортақ талап, ортақ туралық емес, бұл құсаған айқайшы аңғалақтар ылғи үйде ұмыт қалдырып, ал өзі ұсаған зілман бөксе зәнталақтар белінен бір тастамайтын, жаны қысылған жерде, міне өстіп, қарсы келгенге жылт еткізіп қынынан шығарып ала қоятын қанды ауыз қара кездік сияқты».

Әңгімеде түрлі деңгейде сомдалған бірнеше персонаждардың бейнелері кездеседі. «Кеңсенің көлеңкесінен шықпайтын сумақай көсе» Көшен, «баяғыда атқа мініп, айқай салып, белсенді боп жүріп, қартайғанда аса ұстап, таспиқ санайтын» дүмше молда Қоштай, «аузына «алладан» басқа сөз түспеген, арақ түгілі ащы шалап ішпеген, жаман қатынынан басқа ұрғашының өңі түгілі атын білмейтін» марқұм Ораз, «мұрнынан ақсары бас құрт ыршитын», бастық ағасының арқасында дүрілдеп тұрған дүкенші Дүйімбай, ұзатылған жалғыз қызының артынан «қолына ұстай баруға» жалғыз кілем ала алмай пұшайман болған Бибатпа кемпір, «жас босанған әйелдей ыңырсынып сөйлейтін» бастық Жиынбай, бастықтың ыңғайымен сөзге араласатын зоотехник, «былайғы жұрт түгілі басыбайлы әйеліне жұмған аузын аузын ашпайтын» Баламан – осылардың бәрі де әр ортадан-ақ кездесетін, өз қалпымен қабылданатын әрі есте қалатын «таныс бейтаныстар». Олардың характерлік даралығы да, персонаж ретінде шығарма сюжетіне қатыстылығы да әр түрлі.

Эпизодтық персонаждардың ішіндегі оқырманға ерекше жылылықпен әсер ететін кейіпкер – әлгі «бас қондырысы дұрыс» қара сұр бас инженер. Есболайға кеңсеге жиылған

дүйім жұрттың ішінде қолдау білдіріп, «қақпыш денесінің бар құрысқан-тырысқанын жазып жіберегін» осы инженер бала – Жиынбай бастықтың антиподы. «Кешегі Ожыраев жолдастың айтқан әңгімесінен кейін көңіліне оралған ойлары мен ұсыныстарын» ортаға салуды ойлауы, мұндай мәселені жеке-дара шешуді емес, «Есболай қарияны, басқа да көне көз кісілерді қатыстыра отырып талқылауды» ұсынуы – көпшіліктің көңіліне ой салатын ұсыныс. Жас инженердің сөзі – әдебиетімізде сол кезеңдерде орын алған, жас кадрлардың көбінесе тек жаңалықты ғана жақтайтын, ескішілдіктің қандай көрінісіне болса да атой салып қарсы шығатын біржақты тенденциясынан бөлек, қандай мәселеге болса да байыппен қарап, келісе отырып сараптауды ұсынатын демократия мен плюрализмді көксеудің нышаны. Екіншіден, бас инженер – жастығына қарамастан, бас асаулық көрсетпейтін, қайта салқынқанды, байыпты пікірдің адамы. Есболайдың ашумен айтқан сөздерін көңіліне алмай, қайта оны ой елегінен өткізіп, ақылға салады, кеңесе отырып шешім қабылдауға шақырады. Ел басқаратын адам осындай болуы керек, болашақтың тізгіні осыларда дегенді меңзейді автор.

Инженер баланың: «Біз осы қарияның әлгі әңгімені қайда айтқанын, қалай айтқанын қайта-қайта қаузап бергенше, бұл кісінің не айтып отырғанын неге талқыламаймыз», – дейтін сөзі өсетін елдің, кемелденуге қадам басқан қоғамның теміразық етіп ұстар басты қағидасы. Ненің айтылғаны мен не үшін айтылғаны емес, кімнің айтқаны мен қалай айтқанын ғана талқылау, пікір мазмұнының дұрыстығы мен өзектілігіне емес, оны айтушының тағы мен беделіне қарап баға беру («Естіп отырған сөзді тергемей, айтып отырған ауызды тергеу») – қай кезде де қоғамның соры, дамудың аяғына тұсау болып отырғаны мәлім. Автор тұлғалық ерекшелік, қоғамдық пікір ұйытқысы болатын жандар туралы орыңды мәселе қойып отыр.

«Есболай» әңгімесі – автордың қоғамдағы кейбір құпталмайтын мәселелерді өзіндік тәсілмен көрсете білген, әлеуметтік-сыншылдық сипаты байыпты, күлкілі өрнегі мығым шығарма. Әңгімедегі сын-сықақ, әзіл-қалжың элементтері шығарма идеясына қызмет етеді. Көркем мәтін бастан-аяқ әзілдік қуатпен баяндалады, күлкі элементтері әңгіменің өн бойында бір реңнен екіншісіне ауысып, негізінен юморлық мәнермен дамитын сюжеттік ағын бірде сатиралық қалып алып, енді бірде ирониялық астармен баяндалып, кейде сарказмдық сапаға ауысып отырады.

Шығармадағы негізгі оқиға – Есболай орталық әрекет иесі болып табылатын екі күннің оқиғасы. Бірінші күндікі – Есболайдың Дүйімбайдың дүкенінде жанжал тудыратын жағдайы да, екінші күндікі – кеңседегі мәжіліс барысы. Осы бір-екі эпизодтың – Есболайдың кеңсе алдында Көшпенмен кездесуінің және келесі күнгі кеңседегі жиналыстың «сценарийлері» – шындығында, күлкілік қуаты мол дүние. Олардың қай-қайсысы да нақты жағдайларға байланысты туындап, әлеуметтік жүк көтеретін әрі психологиялық дәлелдемелерге құрылған өзекті сатира мен уәжді юмор. Мәселен, Есболайдың бұлақ басындағы инженермен кездесуі кезінде қарттың инженердің сұрағына кері жауап беруі – ашудың сыртқа тепкен көрінісі, өмірлік ұстанымын өзгелерге ұқтыра алмай қапа болған қарттың қызыл тілге ерік берген жан айғайы.

Шығарма түйінінде терең демократиялық аңсар жатыр, ол мәтіннің баға берушілік әрі талдаушылық мәнерінен анық танылады. Есболай қоғамдағы өз құқын қорғауға бейіл, ол өз ұстанымына берік және өзгелер де солай болса екен дейді. Мұндай интонация Есболай сөздерінің өн бойында бой көрсетіп отырады, Өмір көшінің сан соқпақтарынан өткен, «Қияндыдан Варшаваға дейінгі талай жотаның сызы бен оғы қатар жалап», түрлі қиын кезеңді басынан кешірген, ата салты мен дәстүрін өз заманының шындығымен сабақтастырып, солардан ой түйген сұңғыла ақсақалдың сыншылдық ой мәйегінің түйінінде титтей де пендешілік пиғыл, өзімшілік жоқ, жалпы халықтың жайына алаңдау, болашақтың қамын ойлау мотиві жатыр. «Орайы келгенде айтылмаған сөздің атасы өледі» деген халықтық принцип – Есболай қарттың да өмірлік кредосы. Өз заманында тура айтуға, нақты фактілермен дәйектеп, қоғамның мерездерін дөп көрсетуге болмайтын, әлеуметтік утопиялар мен әсіре ертегілер үстемдік құрған кезеңде мұндай «жынды

Есболай» секілділердің аузымен айтылатын дегдар ойлардың тұспалымен қоғамның пісуі жеткен мәселелерін ұсыну – Ә. Кекілбаев қаламының да бірегей сипаты болып табылады.

Ұлы сыншы В.Г. Белинский айтқандай, «Сатира кемшілік пен нашарлықты тәлкек етуге арналмай, күйінген сезімнің тасқыны, жігері болуға, өзге ниетпен ашынушылықтың нажағайы, жарқылы болуға тиіс. Оның негізінде көкжасық әжуасыз ділмарлық емес, мейлінше терең мысқыл жатуы керек» [10, 77-78]. Жазушы кейіпкер рефлексиясы арқылы қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді ұсынуымен қатар, қарапайым халық өкілінің бойындағы ұлттық мінез, күрескерлік рух пен кісілік болмысты да жарасымды үйлестіре білген. Есболай сөздері халықтық–шешендік өрнегімен, моральдық–философиялық талдаушылығымен де ерекшеленеді. Мәтіннен оған көптеген мысалдар келтіруге болады. Мысалы, бір ғана: «Мен тасып жүргенде өзгелер жасып жүрсін деген де адамшылық болып па? Жұлқынсам мен ғана жұлқынайын, қалғандарың тұншығып қалыңдар деген де адамшылық болып па? Онысына, бірақ, ит екеш ит көніп пе! Таласады, шайнасады. Таласқанды, шайнасқанды қаламайтын ит күдірейгенін қойсын», – деген ой орамында қаншалықты терең мән жатыр!

«Бағың жанса, ашыған айранның бетіндей лепір де жүр, бағың кідірсе, қарап жүріп қан қатып, іш мерезденіп, өз буыңа өзің тұншық та жүр деген қай құдайдың ойлап тапқан заңы. Ол заңың дәрі болса, құдай өз маңдайына шайнап жақсын». Бұл жерде «құдай» деп тілдеп отырғаны, шынында, өздерін «Құдайдан да былай емеспін», – деп есептейтін Дүйімбайлар мен Жиынбайлардың жиынтығы.

Асылында, Есболайдың сөздерінде халықтың ұтқыр ой, шешендік мәнермен қатар, қыр қазағының әзіл-қалжыңын тастамайтын, тілінің қышымасы ұстап отыратын ұлттық сипаты мол. Оның кемпірі туралы айтатын: «Елдің алдымен емпеңдеп үйге тартатындай сол қара кемпір мені сағынып қала қойды дейсің бе, онан да былшылбай көсенің мылжыңын тыңдайын», «Қара күркенің қақ төрінде қақпыш кемпірдің құяң белін уқалап жатып алу ма!», – дегендері – орайын тауып орынды жерінде ойнай білген қазақтың әдемі әзіл-қалжыңының үлгілері.

Есболайдың марқұм құрдасы Ораздың баласына айтатын: «Әкең орнынан тұрып қыдырып кетпеді ме екен деп, шешен жіберген жоқ па? Тірісінде құрым күркесінен екі елі аттап шығып көрмеген бұл пақыр өлген соң қайдан жел аяқ бола қалсын. Жатыр ғой әне, жаман қатынның бөкесіндей жапырайып» немесе «Осы немеге тас шығындап қайтесің, онан да ана шешене бұзау қамайтын шошала салып бер. Бес күн тірлікте кісінің көзіне түсіп көрмеген әкең өлгесін атын шығарып кімді қырар дейсің!», – дейтін сөздері де – қазақы қалжыңның нағыз классикалық үлгілері. Мұнда марқұм Ораз құрдасты еске алудың, оған деген сағыныш сезімінің бір сәтке болса да оның артта қалған баласына қатынаста сыртқа шығуының нышан-белгісі бар.

Нәтижелер. Автордың баяндау мәнерінде небір теңеу, эпитет, метафоралар қанық стильдік бояуымен көрінеді. Олар кейіпкердің тіл өрнегі арқылы оның дүниетаным арнасы мен характер психологиясын терең ашуымен қатар, оқиға мен жағдайдың сипатын қазақтың ұғымына сай дәл беруімен, сатиралық өткірлігімен бағалы: «қашатын шыбыштың құйрығындай шыжбыңдап тұрмауын», «заң жарықтықтың заңғар доңғалағын бұның үстіне қарай жайлап жылжытып келе жатыр», «шығырдың астына абайсыз түсіп кеткен кәрі текедей бір бақыруға ғана мұрша беріп, жапыра салмақ», «кеше ғана күркіреп жүрген көк үлекті салақтаған қызыл өңешін жұлып ап, қотыр тайлақтай қуып тастамақ», «бұны әуелі алдына жауырын тосып, жамбас ұстатып алдарқатып, оған көнбесе жеңінің ұшынан қылтитып қамшы көрсетіп жасқайтын ескі ауылдың теке сақал бақырауық шалы деп ойлай ма екен» т.б.

Есболайдың Жиынбайға айтатын: «Дүйімбайға кешегі менің істегенім, дұрысына келгенде, әлдеқашан сенің істейтін ісің емес пе еді. Оны сен істегенде мына жұртың «міне, әділдік» деп таңдайларын қағар еді, мен істегесін тәртіпсіздік болып тұр» немесе «Дүйімбайыңды қойып, осы столыңның басына қарашы өзің. Немене, мұнда я жерлейтін әкеңнің шаруасына, я ұзататын қызыңның шаруасына ақылдасуға шақырдың ба мына ағайындарыңды? Бұл сіздің үйдегі келіннің дастарханы ма, жоқ бәрімізге ортақ колхоздың

басқарма жиналысы ма? Біле алмай тұрмын, өзің айтшы» деген сөздері – өзінің бұлтартпас туралығымен әрі сыншылдық өткірлігімен діттеген межені қақ айыратын алмас қылыштай тегеурінді пікір. Адалдық іздеп шарқ ұрған, өзі үшін емес, жалпы көпшіліктің риздығына бола Әділдікті ту етіп көтерген, көпшіліктің көңілінде жүрсе де, ешкім батып айта алмаған шындықты жарыққа шығарған Дара болмыс.

«Тфу» - дан басталып, «О, несі-ай» - мен аяқталатын «Есболай» әңгімесінде шығарманың басы мен соңында қайталанатын халық әнінің қайырмасы бас кейіпкердің көңіл күйін де дөп басады:

Бергенше үш-төрт ешкі қышындырып,
Берсейші бір тартым күй ұшындырып!

Әңгіменің басындағы домбыраның құлақ күйінің келмей жатуы мен шығарма финалының осы ән-әуенмен аяқталуында өзіндік мән бар. Дүние боққа алданған немесе қарынның тойғанын қанағат қылған көкірегі көрсоқыр көптің бірі болып тірлік кешуді місе тұтпай, әлеуметтік теңдікті көксеген дарқан қария көңілдің гөй-гөйі бұл. Шығарманың лейтмотиві осы әннің қайырмасымен өзектес жатыр. Бұдан кейіпкердің күй құдіретінен жан жарасын емдер сезімталдығын, ақиқат іздеп шарқ ұрған шыншыл көмейін, тура айтудан тайсалмаған күрескер болмысын ғана серік қылып, соған сенім артып, «бір тартым күй» тілеген асқақ аңсарын аңғарамыз.

Қорытынды. Біз жоғарыда талдап өткен Ә. Кекілбаевтың «Аш бөрі» және «Есболай» әңгімелеріндегі образ табиғаты өзіндік ерекшеліктерімен әрі ортақ сипаттарымен көрінеді. Екі шығарма да үшінші жақтан баяндалғанмен, екеуіндегі авторлық баяндау ыңғайы әрқалай. «Аш бөрі» әңгімесінде авторлық баяндау көбінесе кейіпкер ойымен тоғысып жатады. Ал «Есболайда» монолог түрінде баяндалады, алайда монолог түрінде болса да, авторлық баяндауға ұласса да, мәтіннің баяндалуы үнемі үшінші жақтан ауытқымайды. Монологтағы баяндаушы субъектінің өзіндік «мені» ұдайы «бұл» есімдігі арқылы көрініп отырады.

Құрманғазы – тарихи тұлға, жазушы оның тар жол, тайғақ кешумен өткен ғұмырының бір сәтін бейнелеген. Ширыққан сюжет болмаса да, бірер күннің оқиғасымен-ақ атақты күйшінің кісілік кейпі, өнерпаздық болмысын аша білген. Ал Есболай – жазушы қиялынан туған кейіпкер десек те, оның прототипі бар, ол «әлдеқашан бақилық болған Аманқали қария» екендігін айтады әбіштанушылар [11, 109]. Есболайдың ерекшелігі – өзі өмір сүріп отырған ортаның кемшіліктерін көрсетіп, дамуға кесірін тигізіп отырған жайларды дәлел-деректерімен көрсетіп, дұрыс жолды нұсқауында. Бұл – сол кезең әдебиетінде сирек кездесетін кесек образ. Және бұл шығарма өзінің баяндау мәнерімен де өзгеше. «Тақырыптас туындардың психологиялық аспектілері сараланып әр қаламгер өзіндік позиция танытып, түрлі амал-тәсілдер топтамасын қолданғандығына куәлік етеді. Ә. Кекілбаев өзінің кейіпкерінің импульстарын ашуды мақсат еткен», – дейді ғалым Р. Жетібай [12, 152].

Екі шығармадағы кейіпкерлердің әрқайсысы өзіндік ерекшелігімен көрінеді, олардың характерлерін беруде суреткер тілдік көркемдік құралдарды мейлінше жеткілікті әрі тиімді қолданған. Соның арқасында кейіпкерлер өмір сүрген кезеңіне және тарихи-әлеуметтік ортасына қарай шынайы да нанымды бейнеленген. Кейіпкердің іс-әрекеті, сөйлеген сөзі өзіндік характеріне сай келсе, автордың баяндау шеберлігі арқылы әр кейіпкерді мінез-құлқы, адами болмысы, қоғамдағы орны тиісінше дараланған.

«Әдебиет, «өнердің таңдаулы туындылары» мыңжылдар бойы қызықты да пайдалы болып келеді. Баспа туындыларды оқу азайғанымен, әдебиет те қолжазба мәдениетінің баспа мәдениетімен ауысқанындай, уақытқа бейімделе алады. Таңдаулы туындылар бұқаралық ақпарат құралдарына қарамастан жазыла бермек» [13]. Кеңестік қазақ әдебиеті әңгімелерінің озық мысалдарының қатарынан орын алатын, болашақ қаламгерлерге үлгі бола беретін бұл екі әңгіме де – Ә. Кекілбаевтың шағын прозадағы табысы, суреткерлік шеберлігін танытқан үздік туындылары болып табылады.

Әдебиеттер

1. Спан Ә. Заңғар. Роман-эссе. – Алматы: Нұрлы әлем, 2008. – 304 б.
2. Кекілбаев Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы: Өлке, 1999. – 400 б.
3. Andromeda Nova Hartavi, Suyitno, Nugraheni Eko Wardani. The Image's of Javanese Women in the Novel Panggil Aku Kartini Saja by Pramoedya Ananta Toer // American Journal of Humanities and Social Sciences Research (AJHSSR) e-ISSN: 2378-703X Volume-5, Issue-1, pp-36-40 www.ajhssr.com
4. Аймұхамбет Ж., Мырзахметов А., Әлімбаев А. Әдебиет теориясы. – Қарағанды: Гласир, 2023. – 304 б.
5. Бөкен Г., Молғаждаров Қ., Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романындағы образдар галереясы // Ш.Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы. Филология сериясы. № 3, 2023.
6. Дүйсенбаева Ж. Әбіш Кекілбаев және заман шындығы. Монография. – Алматы: Нұрлы әлем, 2009. – 448 б.
7. Жүсіп Қ. Шың мен шыңырау. Әбіш Кекілбайұлының прозасы хақында. Әдеби сын-зерттеу. – Алматы: Арыс, 2000. – 134 б.
8. Danik S., Herman J.W., Kundharu S. The Value of Character Education in Short Stories Perempuan by Mochtar Lubis Collection: A Postcolonial Approach – AJHSSR // American Journal of Humanities and Social Sciences Research (AJHSSR) e-ISSN :2378-703X Volume-5, Issue-1, pp-01-05 www.ajhssr.com
9. Қабылов Ә. Кәусар. Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы күлкі құбылыстары. Монография. – Алматы: 2013. – 237 б.
10. Белинский В.Г. Шығармалары. Сын мақалалары. – Алматы: 1987. – 348 б.
11. Әбіш Кекілбаев. Энциклопедия. I том. Шығармашылығы. – Алматы: Арыс, 2018. – 800 б.
12. Жетібай Р. Ж. Нәжімеденов прозасындағы психологизм көрінісі // Евразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. №4, 2022.
13. Bump J.F.A. The Value of Literature Now and in the Future. Literature 2021, 1, 41-42. <https://doi.org/10.3390/literature1010005>

А.Д. КАБЫЛОВ, А.С.БУРКИТБАЕВА

Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова,
Ақтау, Казахстан

ПРИРОДА ОБРАЗА В РАССКАЗАХ А. КЕКІЛБАЕВА

Аннотация. Народный писатель Абиш Кекильбаев, начавший свой первый шаг в литературе со стихов, с середины шестидесятых годов обратился к художественной прозе и опубликовал несколько сборников рассказов и повестей. Писатель, признанный читательской аудиторией мастером-прозаиком, создал впоследствии такие эпические произведения, как «Конец легенды», «Плеяды – созвездие надежды» и «Всполохи». Какое бы произведение писателя мы ни взяли, оно отличается собственной художественной выразительностью. Анализ первых рассказов художника имеет свое значение в оценке прозаического почерка художника. В статье анализируются тематические, художественные и идейные особенности повестей «Возвращение» и «Есболай», представившие читателю писателя как прозаика с многообещающим будущим, оценивается мастерство автора в изображении образов. С точки зрения литературоведения оцениваются жанровый характер рассказов, первые успехи писателя в малой прозе, языковые навыки и особенности повествовательного стиля. В этих рассказах анализируются образы главных героев Курмангазы и Есболая, а также других второстепенных персонажей. Изучены художественные приемы, использованные писателем при изображении персонажей, особенности создания характеров и особенностей использования таких элементов, как авторское повествование и изображение внутренних мыслей героя, портретная

характеристика и слова героя. В статье в качестве теоретической основы рассматриваются идеи в трудах отечественных и зарубежных литературоведов.

Ключевые слова: А. Кекилбаев, проза, рассказ, художественное содержание, идея произведения, художественность, сюжет.

A.D. KABYLOV, A.S. BURKITBAEVA

Caspian University of Technologies and Engineering named after Sh. Seenov,
Aktau, Kazakhstan

THE NATURE OF THE IMAGE IN A. KEKILBAEV'S STORIES

Annotation. People's writer Abish Kekilbaev, who started his first step in literature with poems, turned to artistic prose from the mid-sixties and published several collections of stories and short stories. In this way, the writer, recognized by the readership as a master prose writer, later created such epic works as «The End of the Legend», «Urker», «Twilight». No matter which work of the writer we take, it is distinguished by its own artistic expression. Analyzing the first stories of the artist has its own significance in evaluating the prosaic signature of the artist. The article analyzes the thematic, artistic and ideological features of the stories «Hungry Wolf» and «Esbolai», which introduced the writer to the readership as a prose writer with a promising future, and the author's skill in portraying images is judged. The genre nature of the stories, the first successes of the writer in short prose, language skills and features of the narrative style are evaluated from the point of view of literary studies. The images of the main characters Kurmangazy and Esbolai, as well as other secondary characters, are analyzed in these stories. The artistic methods used by the writer in portraying the characters, especially the nature and usage features of elements such as the author's narrative and the representation of the character's inner thoughts, portrait characterization and the character's words are studied. In the article, the ideas in the works of domestic and foreign literary researchers are considered as a theoretical basis.

Keywords: A. Kekilbaev, prose, story, artistic content, idea of a work, artistry, plot.

References

1. Span A. Zangar. Roman-jesse. – Almaty: Nurly alem, 2008. – 304 b.
2. Kekilbaev A. On eki tomdyk shygarmalar zhinagy. I tom. – Almaty: Olke, 1999. – 400 b.
3. Andromeda Nova Hartavi, Suyitno, Nugraheni Eko Wardani. The Image's of Javanese Women in the Novel Panggil Aku Kartini Saja by Pramoedya Ananta Toer // American Journal of Humanities and Social Sciences Research (AJHSSR) e-ISSN: 2378-703X Volume-5, Issue-1, pp-36-40 www.ajhssr.com
4. Aimuhambet Zh., Myrzahmetov A., Alimbaev A. Adebiet teorijasy. – Қарағанды: Glasir, 2023. – 304 b.
5. Boken G., Molgazhdarov K. A. Nurpeiysovtyn «Songy paryz» romanyndagy obrazdar galereiasy // Sn. Ualihanov atyndagy KU Habarshysy. Filologia seriasy. № 3, 2023.
6. Dujsenbaeva Zh. Abish Kekilbaev zhane zaman shyndygy. Monografija. – Almaty: Nurly alem, 2009. – 448 b.
7. Zhusip K. Shyn men shynyrau. Abish Kekilbaiulynyn prozasy hakynda. Adebii syn-zertteu. – Almaty. Arys, 2000. – 134 b.
8. Danik Safitri, Herman J. Waluyo, Kundharu Saddhono. The Value of Character Education in Short Stories Perempuan by Mochtar Lubis Collection: A Postcolonial Approach – AJHSSR // American Journal of Humanities and Social Sciences Research (AJHSSR) e-ISSN :2378-703X Volume-5, Issue-1, pp-01-05 www.ajhssr.com
9. Kabylov A. Kausar. Abish Kekilbaev shygarmalaryndagy kulki kubylystary. Monografija. – Almaty: 2013. – 237 b.
10. Belinskij V.G. Shygarmalary. Syn makalalary. – Almaty: 1987. – 348 b.
11. Abish Kekilbaev. Jenciklopedija. I tom. Shygarmashylygy. – Almaty. Arys, 2018. – 800 b.

12. Zhetibay R. Zh. Nazhimedenov prozasyndagy psihologizm korinisi // Evrasia gumanitarlyk institutynyn Habarshysy. №4, 2022.

13. Bump, J.F.A. The Value of Literature Now and in the Future. *Literature* 2021, 1, 41-42. <https://doi.org/10.3390/literature1010005>

Авторлар туралы мәлімет:

Қабылов Әділет Дыбысұлы – филология ғылымдарының кандидаты, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры, Ақтау, Қазақстан.

Қабылов Адилет Дыбысович – кандидат филологических наук, профессор Каспийского университета технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Ақтау, Казахстан.

Kabylov Adilet Dybysovich – Candidate of philological sciences, professor of the University of Caspian University of Technology and Engineering named after Sh. Sesenov, Aktau, Kazakhstan

Бүркітбаева Анар Сайынқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің қауымдастырылған профессор м.а., Ақтау, Қазақстан.

Буркитбаева Анар Сайыновна – кандидат филологических наук, и.о. ассоциированного профессора Каспийского университета технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Ақтау, Казахстан.

Burkitbaeva Anar Saiynovna – Candidate of philological sciences, performing associated professor of the University of Caspian University of Technology and Engineering named after Sh. Sesenov, Aktau, Kazakhstan